

HP Mini және Compaq Mini

Алғашқы жұмыс

© Copyright 2010 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Microsoft және Windows — Microsoft корпорациясының АҚШ-тағы тіркелген сауда белгілері. SD Logo — өз меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешнәрсе қосымша кепілдік деп түсіндірілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: қараша, 2010 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: 634053-DF1

Өнім ескертуі

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты қайтарып алу үшін, тек пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты немесе сұрау жіберу үшін, жергілікті сату нүктесіне (сатушыға) хабарласыңыз.

Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

-
- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.
-

Мазмұны

1 Қош келдіңіз	1
Ақпаратты табу	2
2 Компьютермен танысу	4
Жоғарыдан қарағандағы көрінісі	4
Сенсорлы тақта	4
Шамдар	5
Пернелер	6
Алдыңғы жағы	7
Оң жақ	8
Сол жақ	10
Дисплей	11
Астыңғы жағы	12
3 HP QuickWeb (тек таңдаулы үлгілерде)	13
HP QuickWeb бағдарламасын қосу	14
HP QuickWeb бағдарламасын қосу	15
QuickWeb бастау тақтасын анықтау	16
QuickWeb басқару белгішелерін анықтау	16
QuickWeb бастау тақтасының белгішелерін анықтау	16
QuickWeb ескерту белгішелерін анықтау	17
Желі параметрлерін реттеу	19
Microsoft Windows жүйесін іске қосу	20
HP QuickWeb бағдарламасын қосу және ажырату	21
4 Желі орнату	22
Интернет провайдерін (ISP) пайдалану	23
Сымсыз желіге қосылу	24
Бар WLAN желісіне қосылу	24
Жаңа WLAN желісін орнату	24
Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу	25
WLAN жүйесін қорғау	25

5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар	26
Пернетақтаны пайдалану	26
Жылдам перне анықтау	26
Өрекет пернелерін анықтау	26
Пернетақталарды пайдалану	28
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану	28
Меңзегіш құрылғылардың таңдаулы параметрлерін орнату	28
Сенсорлы тақтаны пайдалану	28
Шарлау	29
Таңдау	30
Сенсорлы тақтаның іс-қимылдарын пайдалану	30
Жылжу	31
Шымшу/Ұлғайту	31
Бұру	32
6 Күтім	33
Батареяны ауыстыру	34
Батареяны салу	34
Батареяны шығарып алу	35
Үстелге қоюға арналған қақпақты алу немесе ауыстыру	36
Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу	36
Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу	36
Қатты дискіні ауыстыру	38
Қатты дискіні орнынан шығару	38
Қатты дискіні орнату	38
Жад модулін ауыстыру	39
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту	42
Өдеттегі күтім	42
Дисплейді тазалау	42
Сенсорлы тақтаны және пернетақтаны тазалау	42
7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру	43
Қалпына келтіру дискілері	43
Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру	44
Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде)	45
Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру	46
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау	46
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану	46
Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану	48
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты	48
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау	48

Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру	48
8 Тұтынушыларды қолдау	49
Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу	49
Жапсырмалар	50
9 Техникалық сипаттамасы	51
Тұтынылатын қуат	51
Жұмыс ортасы	52
Индекс	53

1 Қош келдіңіз

- [Ақпаратты табу](#)

Компьютер параметрлерін орнатып, оны тіркегеннен кейін, мына әрекеттерді орындау маңызды:

- **HP QuickWeb бағдарламасының параметрлерін реттеу** (тек таңдаулы үлгілерде)— негізгі амалдық жүйені іске қоспастан, дереу музыкаға, сандық фотосуреттерге және вебке өтіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [HP QuickWeb \(тек таңдаулы үлгілерде\) 13-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- **Интернетке қосылу**— Интернетке қосылу үшін, сымды және сымсыз желіні реттеңіз. Қосымша ақпарат алу үшін, [Желі орнату 22-бетте](#) тарауын қараңыз.
- **Антивирус бағдарламалық құралын жаңарту**— вирустардан болатын зақымнан компьютерді қорғаңыз. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылады да, тегін жаңартуларға жазылу шектеулі болады. Қосымша ақпарат алу үшін *HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты* қараңыз. Бұл нұсқаулықты пайдалану туралы нұсқауларды алу үшін [Ақпаратты табу 2-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.
- **Компьютермен танысу**— компьютер мүмкіндіктері туралы қосымша мәлімет алыңыз. Қосымша ақпаратты [Компьютермен танысу 4-бетте](#) және [Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар 26-бетте](#) атты бөлімдерден қараңыз.
- **Қалпына келтіру дискілерін жасау**— жүйенің тұрақсыздығы немесе ақауы пайда болғанда, амалдық жүйені және бағдарламалық құралды зауыттық параметрлерге қайтарыңыз. Нұсқауларды [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 43-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралды табу**— компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін қараңыз. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) жолын таңдаңыз. Компьютермен жеткізілетін бағдарламалық құралдарды пайдалану туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін бағдарламалық құралмен қоса немесе өндірушінің веб-торабында қамтамасыз етілуі мүмкін бағдарламалық құралды өндірушінің нұсқауларын қараңыз.

Ақпаратты табу

Түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше құрал компьютерде орнатылып келеді.

Құралдар	Берілетін ақпарат
<i>Жылдам орнату</i> постері	<ul style="list-style-type: none">• Компьютерді орнату туралы• Компьютер бөліктерін анықтау бойынша көмек
<i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығы</i> Бұл нұсқаулыққа өту үшін, Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства Пользователя (Пайдаланушы нұсқаулығы) тармақтарын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Қуатты басқару мүмкіндіктері• Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту туралы• Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін пайдалану туралы• Компьютерді қорғау туралы• Компьютерге күтім көрсету туралы• Бағдарламалық құралдарды жаңарту туралы
Анықтама және қолдау орталығы Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін, Пуск (Бастау) түймешігін басып, > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз. ЕСКЕРІМ: Арнайы ел немесе аймақ қолдауы үшін http://www.hp.com/support , торабына кіріп, елді немесе аймақты таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Амалдық жүйе туралы ақпарат• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары• Ақаулықтарды жою құралдары• Техникалық қолдауға қол жеткізу
<i>Зандық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулері</i> Бұл ескертулерді көру үшін Пуск (Бастау) түймешігін басып, > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын, одан кейін > Руководства Пользователя (Пайдаланушы нұсқаулығы) тармағын таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none">• Зандық және қауіпсіздік ақпараты• Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат
<i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс жасау нұсқаулығы</i> Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) жолын таңдаңыз. – немесе – http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none">• Жұмыс компьютерін дұрыс орнату, дұрыс отыру, денсаулық сақтау және жұмыс жасау салттары• Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты
<i>Worldwide Telephone Numbers</i> (Әлемдік телефон нөмірлері) кітапшасы Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.	HP Қолдау қызметінің телефон нөмірлері

Құралдар	Берілетін ақпарат
<p>HP веб-торабы</p> <p>Осы веб-сайтты көру үшін, http://www.hp.com/support мекенжайы бойынша өтіңіз.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қолдау қызметі туралы ақпарат • Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу • Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS (Орнату утилитасы) жаңартулары • Құрылғы үшін қолданылатын керек-жарақтар
<p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Кепілдікті қолдану:</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Гарантия HP (HP кепілдігі) тармағын таңдаңыз.</p> <p>– немесе –</p> <p>http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз.</p>	<p>Кепілдік туралы ақпарат</p>
<p>*Өніміңізге қатысты арнайы берілген HP шектеулі кепілдігін компьютердің Пуск (Бастау) мәзірінен және/немесе қорапта берілген ықшам/DVD дискісінен табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP шектеулі кепілдігінің басылып шыққан түрі қорапта беріледі. Басылған түрдегі кепілдік берілмеген елдерде/аймақтарда, сол басылып шыққан көшірмені http://www.hp.com/go/orderdocuments сайтынан алуға болады немесе HP компаниясына келесі мекенжай бойынша хабарласуға болады: Hewlett Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, USA; Hewlett Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy; Hewlett Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507. Өнім атын, кепілдік мерзімін (сериялық нөмір жапсырмасында берілген), атыңызды және пошталық мекенжайыңызды жазып жіберуіңізді сұраймыз.</p>	

2 Компьютермен танысу

- [Жоғарыдан қарағандағы көрінісі](#)
- [Алдыңғы жағы](#)
- [Оң жақ](#)
- [Сол жақ](#)
- [Дисплей](#)
- [Астыңғы жағы](#)

Жоғарыдан қарағандағы көрінісі

Сенсорлы тақта




Бөлік	Сипаттама
(1) Сенсорлы тақта аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.
(2) сенсорлы тақтаның түймешігі	Сыртқы тінтуірдің сол және оң жақ түймешіктері сияқты жұмыс істейді.



Шамдар



Бөлік	Сипаттама
(1) Caps lock шамы	<ul style="list-style-type: none">Ақ: Caps lock қосулы.Өшірулі: Caps lock өшірулі.
(2)  Дыбыс өшіру шамы	<ul style="list-style-type: none">Сары: компьютер дыбысы өшірулі.Өшірулі: компьютер дыбысы қосулы.
(3)  Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none">Ақ: сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты ішкі сымсыз құрылғы қосулы.Сары: барлық сымсыз құрылғылар өшірулі.

Пернелер




Бөлік	Сипаттама
(1) <code>esc</code> пернесі	<code>fn</code> пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2) <code>fn</code> пернесі	Функционалдық пернемен, <code>num lk</code> немесе <code>esc</code> пернесімен бірге басылғанда, жиі пайдаланылатын жүйелік функцияларды орындайды.
(3)  Windows® логотипті перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
(4)  Windows қолданбалар пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
(5) Әрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды.





Алдыңғы жағы





Бөлік	Сипаттама
Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.


Оң жақ








Бөлік	Сипаттама
<p>(1)  Сандық медиа ұясы</p>	<p>Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жад картасы • Memory Stick Pro жад картасы • MultiMediaCard • Secure Digital (SD) картасы • Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық (SDHC) жад картасы • Сыйымдылығы кеңейтілген қауіпсіз сандық (SDXC) жад картасы
<p>(2)  Қуат шамы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ақ: компьютер қосулы. • Ақ түсте жыпылықтау: компьютер ұйқы режимінде. • Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде.
<p>(3)  Қуат қосқышы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін қосқышты жылжытыңыз. • Компьютер қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. • Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. • Компьютер күту күйінде болғанда, күту күйінен шығу үшін қосқышты аз уақыт жылжытыңыз. <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесін өшіру іс реті тиімсіз болса, компьютерді өшіру үшін, қуат қосқышын жылжытып, кем дегенде бес секунд ұстап тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз немесе <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p>
<p>(4)  USB порттары (2)</p>	<p>Қосымша USB құрылғыларын қосады.</p>


Бөлік	Сипаттама
(5)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.
(6)  RJ-45 (желі) ұясы және қақпақ	Желілік кабелді қосады.

Сол жақ



Бөлік	Сипаттама
(1) 	Қуат қосқышы Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
(2)	Айнымалы ток/батарея шамы <ul style="list-style-type: none"> Өшірулі: компьютер батарея қуатымен жұмыс атқаруда. Сары түсте жыпылықтау: батарея заряды төмен, өте төмен немесе батарея жұмысында ақаулық бар. Сары: батарея зарядталуда. Ақ: компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея толық зарядталған.
(3) 	Сыртқы монитор порты Сыртқы VGA мониторы немесе проекторды қосады.
(4)	Желдеткіш Ішкі бөліктерді салқындату үшін, ауа ағынын қосады. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін, автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.
(5) 	Диск шамы Ақ түсте жыпылықтау: катты диск пайдаланылуда.
(6) 	USB порты Қосымша USB құрылғысын жалғайды.
(7) 	Аудио шығыс (құлаққап) ұясы/Аудио кіріс (микрофон) ұясы Тоққа қосылатын қосымша стерео үндеткіштерге, құлаққаптарға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, гарнитураға немесе теледидар дыбысы ұясына қосылады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақаспаптарды киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулерінен</i> қараңыз. ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады. ЕСКЕРІМ: Аудио бөлігі 4 сымды қосқышпен жабдықталуы тиіс.


Дисплей




Бөлік	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін, сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(2) WWAN антенналары (2)* (тек таңдаулы үлгілерде)	Сымсыз ғаламдық желілермен (WWAN) байланыс жасау мақсатында сымсыз сигналдарды жібереді және қабылдайды.
(3) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(4) Веб-камера	Бейнені жазады және суреттерді түсіреді. Веб-камераны пайдалану үшін, Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP MediaSmart > HP MediaSmart Webcam тармағын таңдаңыз.
(5) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданыста.

*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және қоршаған орта ескертулері* бөлімін қараңыз. Бұл ескертулер анықтама және қолдау бөлімінде орналасқан.

Астыңғы жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Батарейаны құлыптау ысырмасы	Батарейа ұясына батареяны құлыптайды.
(2) Батарейа ұясы	Батарейаны ұстайды. ЕСКЕРІМ: SIM картасының ұясы батарея астында орналасқан.
(3)  Батарейаны шығару ысырмасы	Батарейаны батарея ұясынан шығарады.

3 HP QuickWeb (тек таңдаулы үлгілерде)

- [HP QuickWeb бағдарламасын қосу](#)
- [HP QuickWeb бағдарламасын қосу](#)
- [QuickWeb бастау тақтасын анықтау](#)
- [Желі параметрлерін реттеу](#)
- [Microsoft Windows жүйесін іске қосу](#)
- [HP QuickWeb бағдарламасын қосу және ажырату](#)

Windows жүйесінің параметрлерін орнату аяқталғаннан кейін, компьютер бірінші рет қосылғанда QuickWeb параметрлерін орнату терезесі ашылады. HP QuickWeb – негізгі амалдық жүйеден бөлек қосымша, жылдам қосылатын орта. QuickWeb құралы Windows жүйесін бастамастан мына қолданбаларға кіруге мүмкіндік береді:


- Веб-браузер
- Чат
- Skype (тек таңдаулы үлгілерде)
- Веб-пошта
- Веб-күнтізбе
- Музыка ойнатқышы
- Фотосуреттерді көру құралы



ЕСКЕРІМ: QuickWeb бағдарламалық құралын пайдалану туралы қосымша ақпаратты QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.


HP QuickWeb бағдарламасын қосу

QuickWeb бағдарламалық құралын іске қосу үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. QuickWeb іске қосылғаннан кейін, компьютер қосылғанда QuickWeb құралының негізгі терезесі ашылады.

 **ЕСКЕРІМ:** HP QuickWeb құралын қосу немесе ажырату үшін, [HP QuickWeb бағдарламасын қосу және ажырату 21-бетте](#) атты бөлімді қараңыз.

HP QuickWeb бағдарламасын қосу

1. Компьютерді қосыңыз.
HP QuickWeb негізгі экраны көрсетіледі.
2. Қолданбаны қосу үшін, QuickWeb негізгі экранындағы бір белгішені басыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Бірінші рет ашылған HP QuickWeb негізгі экранында Пуск Windows (Windows бастау) белгішесінің үстінен автоматты таймер көрсетіледі. Егер тінтуірді жылжытпасаңыз немесе пернені 15 секунд ішінде баспасаңыз, компьютерде Microsoft® Windows жүйесі басталады. QuickWeb таймері және оның параметрлерін өзгерту туралы қосымша ақпаратты алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

QuickWeb бастау тақтасын анықтау






QuickWeb бастау тақтасының жолағында QuickWeb басқару белгішелері (1), басқару тақтасының белгішелері (2) және ескерту белгішелері (3) бар.





QuickWeb басқару белгішелерін анықтау






Белгіше	Қызмет
	Windows амалдық жүйесін іске қосады.
	Компьютерді сөндіреді.
	QuickWeb негізгі экранына оралады.



QuickWeb бастау тақтасының белгішелерін анықтау

Белгіше	Қызмет
	Веб-браузерді қосады. Интернетті шолуға және одан іздеуге, бетбелгілерді ашуға және таңдаулы веб-тораптар сілтемелерін жасауға болады.
	Чат қолданбасын қосады. Чат – жылдам хабарлама жіберуге арналған бірнеше бағдарлама арқылы бір уақытта достармен сөйлесуге мүмкіндік беретін жылдам хабарлама жіберу бағдарламасы.
	Skype бағдарламасын қосады (тек таңдаулы үлгілерде). Skype – конференциялық байланыс орнатуға немесе бейне чат жасауға мүмкіндік беретін, Интернетке қосылатын алдын ала орнатылған бағдарламалық құрал. Сонымен қатар, бұл құрал арқылы бір немесе бірнеше адаммен бір уақытта сөйлесуге болады.
	Соңғы электрондық хаттарды көру, жаңа электрондық хат келгенін тексеру және электрондық пошта жазбасының параметрлерін реттеу үшін веб-поштаны іске қосады.
	Веб-күнтізбені қосып, желідегі таңдаулы күнтізбе бағдарламасы арқылы әрекеттерді жоспарлауға және басқаруға мүмкіндік береді.

Белгіше	Қызмет
	Музыка ойнатқышын қосады. Қатты дискіде, сыртқы дискілерде немесе сыртқы ақпарат тасушыда сақталған әндерді таңдап, ойнатыңыз. .mp3, .aac (MPEG-4) және аудио CD пішімдерін қолдайды.
	Фотосуреттерді көру құралын қосады. Қатты дискіде немесе сыртқы дискіде сақталған фотосуреттерді көруге мүмкіндік береді. .jpg, .png, .gif, .tiff және таңдаулы .raw форматтарын қолдайды (тек таңдаулы .raw пішімдерінде).

QuickWeb ескерту белгішелерін анықтау

Белгіше	Қызмет
	USB құрылғысы жалғанған кезде, USB белгішесі бар файл басқару терезесі көрсетіледі. Файлдарды реттеуші терезесін ашу үшін, USB белгішесін басыңыз. Құралды қауіпсіз ажыратып алу мақсатында мәзірді ашу үшін, USB белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
	Желі қосылғанын көрсетеді. Желі тілқатысу терезесін ашу үшін, желі белгішесін басыңыз.
	Желінің ажыратылғандығын көрсетеді.
	Дыбыс деңгейін реттегіш тілдесу терезесін ашады.
	<p>Параметрлер тақтасын іске қосады. Параметры (Параметрлер) панелін QuickWeb параметрлерін өзгерту үшін пайдаланыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Күні мен уақытын орнату • Желілік қосылыстарының параметрлерін реттеу • Қуат параметрлерін басқару • QuickWeb қолданбаларын басқару • QuickWeb құралын бастапқы қалпына келтіру

Белгіше	Қызмет
	<p data-bbox="414 226 1356 252">Қуат басқарудың тілдесу терезесін батарея сыйымдылығы туралы ақпарат көру үшін ашады.</p> <ul data-bbox="414 273 1388 378" style="list-style-type: none"><li data-bbox="414 273 1388 325">• Компьютер айналы ток қуат көзіне қосылған кезде айналы ток қуат сымы бар белгіше көрсетіледі.<li data-bbox="414 346 1388 378">• Компьютер батарея қуатымен жұмыс істеген кезде, батареясы бар белгіше көрсетіледі. <p data-bbox="414 399 989 430">Заряд күйі батарея белгішесінің түсі арқылы көрсетіледі:</p> <ul data-bbox="414 451 798 577" style="list-style-type: none"><li data-bbox="414 451 670 483">• Жасыл: зарядталған<li data-bbox="414 504 734 535">• Сары: заряд деңгейі төмен<li data-bbox="414 556 790 577">• Қызыл: заряд деңгейі өте төмен
	<p data-bbox="414 604 1037 630">QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасын көрсетеді.</p>

Желі параметрлерін реттеу


QuickWeb бағдарламасында сымсыз байланысты HP QuickWeb конфигурация құралы арқылы реттеуге болады.

Осы құралды пайдалану:

1. Жүйенің жинақтау қатарындағы **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.
2. Алдымен **Сеть** (Желі) тармағын, одан кейін **Включить Wi-Fi** (Wi-Fi қызметін қосу) құсбелгісін қойыңыз.

Сымсыз қосылысты QuickWeb құралын пайдалану арқылы орнату туралы ақпарат алу үшін бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

Microsoft Windows жүйесін іске қосу


 **ЕСКЕРІМ:** Егер QuickWeb іске қосылған болса, ол компьютер қосылған сайын іске қосылып тұрады. Microsoft Windows жүйесін бастау үшін, автоматты таймер 15 секундтан кейін нөлге жеткенше күтуіңіз тиіс немесе QuickWeb негізгі экранындағы Пуск Windows (Windows бастау) белгішесін басыңыз. QuickWeb таймері және оның параметрлерін өзгерту туралы қосымша ақпаратты алу үшін, HP QuickWeb бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.


1. Компьютерді қосыңыз.

HP QuickWeb негізгі экраны көрсетіледі.

2. Тінтуірді жылжытпаңыз немесе пернені 15 секунд ішінде баспаңыз, және компьютерде Microsoft Windows жүйесі басталады.

– немесе –

QuickWeb негізгі экранының сол жақ бұрышындағы **Пуск Windows** (Windows бастау) белгішесін  нұқыңыз. Тілқатысу терезесі пайда болып, Windows жүйесін қосу керек пе деп сұрайды. **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Осы тілқатысу терезесіндегі **Запускать по умолчанию Windows при включении питания** (Қуат қосылғанда Windows жүйесін әдепкі бойынша бастау) құсбелгісін қою QuickWeb құралын ажыратады. QuickWeb бағдарламасын қосу туралы ақпаратты [HP QuickWeb бағдарламасын қосу және ажырату 21-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

HP QuickWeb бағдарламасын қосу және ажырату

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **HP QuickWeb** > **HP QuickWeb Configuration Tool** (QuickWeb конфигурациялау құралы) тармағын таңдаңыз.
QuickWeb тілдесу терезесі ашылады.
2. **Состояние** (Күйі) қойындысын таңдаңыз.
3. QuickWeb бағдарламасын қосу немесе ажырату үшін **Включить** (Қосу) немесе **Отключить** (Ажырату) құсбелгісін қойыңыз.
4. **OK** түймешігін басыңыз.

4 Желі орнату

- [Интернет провайдерін \(ISP\) пайдалану](#)
- [Сымсыз желіге қосылу](#)


 **ЕСКЕРІМ:** Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.

Компьютер Интернетке қосылудың келесі түрлерінің біреуін немесе екеуін де қолдауы мүмкін:

- Сымсыз – Интернетке мобильді жолмен қосылу үшін, сымсыз байланысты қолдануға болады. [Бар WLAN желісіне қосылу 24-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 24-бетте](#) бөлімін қараңыз.
- Сымды – Интернетке сымды желі арқылы қосылуға болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

Интернет провайдерін (ISP) пайдалану


Интернетке қосылмас бұрын Интернет провайдерінің есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметі мен модем сатып алу үшін, жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Интернет қызметтері провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөз береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютердің параметрлерін бар жазбаны пайдаланатын реттеу үшін көмектесетін мынадай мүмкіндіктер бар:

- **Интернет қызметтері мен ұсыныстары (кейбір жерлерде бар)**—бұл утилитта жаңа Интернет жазбасын жасауға және бар жазбаны пайдалану үшін компьютер параметрлерін реттеуге көмектеседі. Бұл утилитаны пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Online Services (Желідегі қызметтер) > Интернет тармағын** таңдаңыз.
- **Интернет провайдері беретін белгішелер (кейбір жерлерде бар)**—бұл белгішелер Windows жұмыс үстелінде көрсетілуі немесе Online Services (Желідегі қызметтер) атты жұмыс үстелі қалтасында топталуы мүмкін. Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютерді бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін белгішені екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері**—Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке төмендегі жағдайлардың кез келгенінде қосылу үшін пайдалануға болады:
 - Интернет провайдерінде тіркелген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
 - Интернет есептік жазбасы болмаған және Интернет провайдері шебердегі тізімнен таңдағыңыз келген жағдайда. (Интернет провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда бола бермейді).
 - Тізімде жоқ Интернет провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған Интернет провайдері IP мекенжайы, сондай-ақ POP3 және SMTP параметрлері сияқты қажетті ақпарат берген жағдайда.

Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберіне және шеберді пайдалану нұсқауларына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын** таңдап, Поиск (Іздеу) жолағында Connect to the Internet wizard (Интернетке қосылу шебері) деген сөздерді теріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Шебер Windows желіаралық қалқанын қосу немесе ажыратуды таңдауыңызды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз аймақтық желі (WWAN) құрылғысы
- Bluetooth құрылғысы

Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін *Справочное руководство ноутбука HP* (HP ноутбугы үшін анықтамалық нұсқаулықтан), анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерінен және берілген мәліметтерден қараңыз.


Бар WLAN желісіне қосылу

1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосылуы екендігіне көз жеткізіңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
4. Қажет желіні таңдаңыз.
5. Подключиться (Қосылу) түймешігін басыңыз.
6. Егер қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.


Жаңа WLAN желісін орнату

Қажетті жабдықтар:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатындығын сұраңыз.


Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнатымы мысалға келтірілген. Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.



Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу

Сымсыз жергілікті желіні (WLAN) орнату туралы көмек алу үшін, жол жоспарлағыш өндірушісі немесе Интернет провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалану орталығы) > Создание и настройка нового подключения или сети (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Создание и настройка новой сети (Жаңа желі орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа сымсыз компьютеріңізді жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

5 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар


- [Пернетақтаны пайдалану](#)
- [Меңзегіш құрылғыларды пайдалану](#)

Пернетақтаны пайдалану

Жылдам перне анықтау

Жылдам перне - **fn** пернесі **(1)** мен **esc** пернесінің **(2)** тіркесімі.


Жылдам перне	Сипаттама
fn+esc	Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпаратты көрсетеді.



Әрекет пернелерін анықтау

Пернетақтаның үстіңгі жағында орналасқан әрекет пернелері арнайы тағайындалған функцияларды орындайды.

Перненің тағайындалған функциясын іске қосу үшін пернені басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қолданылатын бағдарламаға байланысты **fn** және әрекет пернелерінің бірі басылған кезде сол бағдарлама ішінде арнайы төте мәзірі ашылады.

ЕСКЕРІМ: Әрекет пернесі мүмкіндігі зауытта қосылған. Бұл мүмкіндікті Setup Utility утилитасында өшіріп, тағайындалған функцияны белсендіру үшін, **fn** пернесін және әрекет пернелерінің біреуін басу мүмкіндігіне қайтуға болады.




Әрекет пернесі	Сипаттама
 f1	Анықтама және қолдау бөлімін ашады. Анықтама және қолдау бөлімі нұсқаулықтар, сұрақтарға жауаптар мен өнім жаңартуларын қамтиды.
 f2	Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді.
 f3	Экран жарықтығының деңгейін ұлғайтады.
 f4	Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, f4 пернесі экран кескінін компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетеді. Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. f4 әрекет пернесі компьютерден бейне ақпаратын қабылдайтын басқа да құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырып көрсетеді.
 f5	Аудио ықшам дискідегі алдыңғы жолшықты немесе DVD дискісіндегі алдыңғы бөлімді ойнатады.
 f6	Аудио ықшам дискі немесе DVD дискісін ойнату, тоқтата тұру немесе қайта ойнату үшін қолданылады.
 f7	Ойнатылатын аудио ықшам дискі немесе DVD дискісін тоқтатады.
 f8	Аудио ықшам дискідегі келесі жолшықты немесе DVD дискісіндегі келесі бөлімді ойнатады.
 f9	Үндеткіш дыбысын төмендетеді.
 f10	Үндеткіш дыбысын жоғарылатады.
 f11	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
 f12	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады. ЕСКЕРІМ: Бұл перне сымсыз қосылысты орнатпайды. Сымсыз қосылысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.

Пернетақталарды пайдалану

Компьютерде қосымша сыртқы сандық пернетақта немесе сандық пернетақтасы бар қосымша сыртқы пернетақта жұмыс істейді.

Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, сыртқы USB тінтуірін оны компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы пайдалануға болады.

Меңзегіш құрылғылардың таңдаулы параметрлерін орнату

Түймешік конфигурациясы, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғылар параметрлерін реттеу үшін, Windows® жүйесіндегі тінтуір сипаттарын пайдаланыңыз.


Тінтуір сипаттарына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен басып шығарғыштар) тармағын таңдаңыз. Одан кейін компьютеріңіз болып табылатын құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

Сенсорлы тақтаны пайдалану

Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды сенсорлы тақта арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз. Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктерін сыртқы тінтуірдің түймешіктері сияқты пайдаланыңыз.


Шарлау

Көрсеткіні жылжыту үшін бір саусақты сенсорлы тақтада көрсеткіні жылжытқыңыз келген бағытқа жылжытыңыз.



Таңдау


Сенсорлы тақтаның сол және оң жақ түймешіктерін сыртқы тінтуірдің түймешіктері сияқты пайдаланыңыз.




Сенсорлы тақтаның іс-қимылдарын пайдалану

TouchPad панелі бірқатар іс-қимылдарды қолдайды. Сенсорлы тақтаның іс-қимылдарын пайдалану үшін сенсорлы тақтаға екі саусақты бір уақытта орналастырыңыз.


Іс-қимылдарды қосу және ажырату үшін


1. Хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ соңында орналасқан **Synaptics** белгішесін  екі рет нұқып, **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойындысын ашыңыз.
2. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.
3. Қосқыңыз және ажыратқыңыз келетін іс-қимылдарды таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер сенсорлы тақтаның қосымша мүмкіндіктерін де қолдайды. Бұл мүмкіндіктерді қарап шығу және қосу үшін тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Synaptics** белгішесін нұқыңыз. **Свойства указывающего устройства** (Меңзегіш құрылғы сипаттары) пәрменін, одан кейін **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) қойыншасын таңдаңыз. Құрылғыны таңдаңыз, одан кейін **Параметры** (Параметрлер) түймешігін басыңыз.

Жылжу

Жылжу іс-қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжу үшін екі бармақты сенсорлы тақтада жан-жаққа орналастырып, одан кейін оларды сенсорлы тақтада жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа жылжытыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.



Шымшу/Ұлғайту


Шымшу іс-қимылы суретті немесе мәтінді ірілеу не кішілеу мүмкіндігін береді.

- Ірілеу үшін екі саусақты қысып, сенсорлы тақтаға орналастырып, одан кейін оларды жан-жаққа жылжытыңыз.
- Кішілеу үшін екі саусақты сенсорлы тақтаға жан-жақта орналастырып, одан кейін оларды қысыңыз.




Бұру

Бұру әрекеті суреттер сияқты элементтерді бұру мүмкіндігін береді. Бұру үшін сол сұқ саусақты сенсорлы тақтаның аймағына орналастырыңыз. Сағат 12-ден сағат 3-ке дейін жылжи отырып, оң сұқ саусақты панельде орналастырылған саусақтың айналасында жылжытыңыз. Бұру әрекетін кері бағытпен орындау үшін оң сұқ саусағыңызды сағат 3-тен сағат 12-ге дейін жылжытыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұру әрекеті сенсорлы тақтаның аймағында ғана орындалуы тиіс.

ЕСКЕРІМ: Бұру іс-қимылы үшін зауыттық параметрі **өшірулі**.



6 Күтім

- [Батареяны ауыстыру](#)
- [Үстелге қоюға арналған қапты алу немесе ауыстыру](#)
- [Қатты дискіні ауыстыру](#)
- [Жад модулін ауыстыру](#)
- [Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту](#)
- [Әдеттегі күтім](#)

Батарейаны ауыстыру

Батарейаны салу

Батарейаны салу үшін

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
4. Дисплей жабылғанда компьютерді төңкеріңіз де, батарея ұясын сізге қаратып, жалпақ бетке орналастырыңыз.
5. Батарейаны (1) батарея орнына батареяны босату ысырмасының (2) шертпе дыбысы естілгенше салыңыз.
6. Батарейаны батареяның орнында құлыптау үшін батареяны босату ысырмасын (3) оң жаққа жылжытыңыз.



Батарейаны шығарып алу


Батарейаны алу үшін

△ **ЕСКЕРТУ:** Жалғыз қуат көзі болатын батареяны шығарып алу ақпараттың жоғалуын тудыруы мүмкін. Ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, жұмысыңызды сақтап, күту күйін қосыңыз немесе батареяны шығарып алмас бұрын, компьютерді Windows арқылы өшіріңіз.

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
4. Дисплей жабылғанда компьютерді төңкеріңіз де, батарея ұясын сізге қаратып, жалпақ бетке орналастырыңыз.
5. Батарейаны құлыптау үшін, батареяны құлыптау ысырмасын **(1)** ішіне сырғытыңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Батарейаны құлыптау ысырмасының құлыпталмағаны ысырмадағы қызыл белгіше шыққанда көрінеді.

6. Батарейаны **(3)** батарея орнынан алғанда батареяны босату ысырмасын **(2)** сырғытып ұстап тұрыңыз.



Үстелге қоюға арналған қақпақты алу немесе ауыстыру

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін

Жұмысыңызды сақтаңыз да, жад модулін немесе қатты дискіні қоспас немесе ауыстырмас бұрын компьютерді өшіріңіз.


Егер компьютердің өшірулі немесе күту күйінде тұрғандығына сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді өшіріңіз. Одан кейін компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу

Жад модулі, қатты диск, техникалық деректер жапсырмасы мен басқа бөліктерге кіру үшін, үстелге қоюға арналған қақпақты алыңыз.

Үстелге қоюға арналған қақпақты алу үшін

1. Батареяны (1) шығарып алыңыз ([Батареяны шығарып алу 35-бетте](#) бөлімін қараңыз).
2. Үстелге қоюға арналған қақпақты босату үшін шығару түймешігін (2) ішіне сырғытыңыз.
3. Үстелге қоюға арналған қақпақтың артқы жиегін (3) көтеріп, қақпақты компьютерден (4) алыңыз.




Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу

Жад модулі ұясы, қатты диск, техникалық деректер жапсырмасы мен басқа бөліктерге кіргеннен кейін үстелге қоюға арналған қақпақты орнына орналастырыңыз.

Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу үшін

1. Үстелге қоюға арналған қақпақтың алдыңғы жиегіндегі 4 ілгекті корпусындағы (1) 4 ұяға енгізіңіз.
2. Үстелге қоюға арналған қақпақтың артқы жиегін (2) өзіңізге қарай бұрып, оны орнына түскенше қатты басыңыз.


3. Батареяны (3) орнына салыңыз ([Батареяны салу 34-бетте](#) бөлімін қараңыз).



Қатты дискіні ауыстыру

Қатты дискіні орнынан шығару


1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Қуат сымын айнымалы ток розеткасынан суырыңыз.
4. Батареяны шығарып алыңыз ([Батареяны шығарып алу 35-бетте](#) бөлімін қараңыз).
5. Үстелге қоюға арналған қақпақты алыңыз ([Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
6. Қатты диск кабелі қосқышындағы **(1)** ілгекті ұстап, оны қатты диск кабелін жүйе тақтасынан ажырату үшін жоғарыға көтеріңіз.
7. Қатты диск кабелін кабель өтетін арнадан жайлап алыңыз.
8. Қатты дискінің 3 бұрандасын **(2)** алыңыз.
9. Қатты дискідегі ілгекті ұстап, қатты дискіні **(3)** диск орнынан шығарыңыз.



Қатты дискіні орнату

1. Қатты дискідегі ілгекті ұстап, қатты дискіні диск орнына **(1)** салыңыз.
2. Қатты дискінің 3 бұрандасын **(2)** орындарына салыңыз.
3. Қатты диск кабелін кабель өтетін арнаға салыңыз.

4. Қатты диск кабелі қосқышындағы (3) ілгекті ұстап, қатты диск кабелі қосқышын жүйе тақтасындағы өз орнына түскенше жайлап басыңыз.



5. Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына орналастырыңыз ([Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
6. Батареяны орнына салыңыз ([Батареяны салу 34-бетте](#) бөлімін қараңыз).
7. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
8. Компьютерді қосыңыз.

Жад модулін ауыстыру

Компьютерде бір жад модулі ұясы бар. Компьютердің сыйымдылығын жад модулінің ұясында бар жад модулін ауыстыру арқылы жаңартуға болады.


- △ **АБАЙ БОЛЫҢИЗ!** Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- △ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық разряд (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге қосылған метал нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.

Жад модулін ауыстыру үшін

1. Батареяны шығарып алыңыз ([Батареяны шығарып алу 35-бетте](#) бөлімін қараңыз).
2. Үстелге қоюға арналған қақпақты алыңыз ([Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
3. Бар жад модулін шығарып алу үшін
 - а. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды (1) тартып алыңыз. Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

- b. Жад модулін оның жиегінен ұстап **(2)**, одан кейін оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тиеңіз.



- c. Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық разряд өтпейтін контейнерге салыңыз.


4. Жаңа жад модулін енгізу үшін

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тиеңіз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиегін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- b. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына отырғанша басыңыз.

- с. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін (3) төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, жад модулін майыстырмаңыз.



5. Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына орналастырыңыз ([Үстелге қоюға арналған қақпақты орнына салу 36-бетте](#) бөлімін қараңыз).
6. Батареяны орнына салыңыз ([Батареяны салу 34-бетте](#) бөлімін қараңыз).
7. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
8. Компьютерді қосыңыз.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде ең соңғы нұсқаларға дейін жаңартуға кеңес береді. Ең соңғы нұсқаларды жүктеп алу үшін <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз. Жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркелу қажет.

Әдеттегі күтім

Дисплейді тазалау

-
- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерге зиян келтіруді болдырмау үшін дисплейге суды, тазалауға арналған сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.
-

Дақтар мен талшықтарды жою үшін дисплейді жұмсақ, сулы, талшықтарды қалдырмайтын матамен жүйелі түрде тазалаңыз. Дисплейге қосымша тазалау қажет болса, алдын ала суланған антистатикалық майлықтарды немесе дисплейге арналған антистатикалық тазалағышты пайдаланыңыз.

Сенсорлы тақтаны және пернетақтаны тазалау

Сенсорлы тақтадағы кір және май көрсеткінің экранда жылжуына әкеліп соғуы мүмкін. Көрсеткінің экранда тәртіпсіз жылжуына жол бермеу үшін сенсорлы тақтаны сулы матамен тазалаңыз және компьютерді пайдаланған кезде қолдарыңызды жүйелі түрде жуыңыз.

-
- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы немесе ішкі бөліктерге зиян келтіру қаупін азайту үшін пернетақтаны тазалауға шаңсорғыш бөліктерін пайдаланбаңыз. Шаңсорғышпен тазалағаннан кейін пернетақта бетінде шаң қалуы мүмкін.
-

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау үшін пернетақтаны және шаң мен пернелердің астында қалатын басқа да заттарды әрқашан тазалап отырыңыз. Пернелердің жаны мен астында орналасқан шаңды тазалау үшін қысылған ауамен пернетақтаны үріңіз.


7 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

- [Қалпына келтіру дискілері](#)
- [Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру](#)
- [Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау](#)

Жүйе ақаулығынан кейін жүйені қалпына келтіру және жақын арада жасалған сақтық көшірме бірдей нәтиже береді. HP компаниясы бағдарламаны орнатқаннан кейін дереу қалпына келтіру дискісін жасауды ұсынады. Жаңа бағдарлама және деректер файлдары қосылғаннан кейін ең соңғы сақтық көшірме жасауды қамтамасыз ету үшін жүйенің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасауды жалғастыру қажет.

Амалдық жүйенің құралдары және HP Recovery Manager бағдарламалық құралы мәліметтеріңізді қорғау және компьютер ақаулығы орын алған жағдайда оларды қалпына келтіру тапсырмаларын орындауға көмектесуге арналған:

- Қалпына келтіру дискілерінің жиынын жасау (Recovery Manager бағдарламасының мүмкіндігі)
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Жүйені қалпына келтіру нүктелерін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру
- Бүкіл жүйені қалпына келтіру (қалпына келтіру бөлімінен немесе қалпына келтіру дискілерінен)


 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілері, егер қалпына келтіру бөлімі компьютерде болмаса, жеткізіледі. Бұл дискілерді амалдық жүйені және бағдарламалық құралдарды қалпына келтіру үшін пайдаланыңыз. Қалпына келтіру дискілерінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дискілерді басқару) тармағын таңдаңыз. Егер қалпына келтіру бөлімі бар болса, HP қалпына келтіру дискісі терезедегі тізімде көрсетіледі.

Қалпына келтіру дискілері

HP компаниясы қатты дискінің ақаулығы орын алған жағдайда немесе компьютерді қалпына келтіру бөлімінің құралдарын пайдалану арқылы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіре алуға сенімді болуыңыз үшін қалпына келтіру


дискілерін жасауға кеңес береді. Бұл дискілерді компьютерді бірінші рет орнатқаннан кейін жасаңыз.

Бұл дискілерді қолданғанда сақ болып, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз. Бағдарламалық құрал қалпына келтіру дискілерінің бір жинағын ғана жасауға мүмкіндік береді.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатылады) пайдалана аласыз немесе компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін HP веб-торабынан сатып алуға болады. Егер сыртқы оптикалық диск жетегі пайдаланылса, ол USB концентраторы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына жалғануы тиіс.

Нұсқаулар:

- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R, BD-R (жазуға арналған Blu-ray) дискілері немесе CD-R дискілерін сатып алыңыз. Ықшам дискілермен салыстырғанда, DVD және BD дискілерінің жад сыйымдылығы жоғары. Ықшам дискілер пайдаланылғанда 20 дискіге дейін қажет болуы мүмкін, ал DVD және BD дискінің бірнешеуі ғана қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** CD-RW, DVD±RW және қос қабатты DVD±RW және BD-RE (қайта жазылатын Blu-ray) дискілері сияқты оқу-жазу дискілері Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлеспейді.

- Бұл үрдіс барысында компьютер айнымалы ток қуат көзіне жалғанған болуы қажет.
- Бір компьютерде қалпына келтіру дискілерінің тек қана бір жинағын жасауға болады.
- Әр дискіні компьютердің оптикалық жинақтағыш диск жетегіне салмас бұрын нөмірлеңіз.
- Егер қажет болса, қалпына келтіру дискілерінің жасалуын аяқтағанға дейін бағдарламадан шыға аласыз. Келесі рет Recovery Manager бағдарламасы ашылған кезде сізге дискілерді жасау үрдісін жалғастыру ұсынылады.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын жасау үшін

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Recovery Manager > Создание диска восстановления (Қалпына келтіру дискілерін жасау)** тармағын таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

Recovery Manager бағдарламалық құралы компьютерді оның бастапқы зауыттық күйіне келтіруге мүмкіндік береді. Recovery Manager бағдарламалық құралы қатты дискідегі арнайы қалпына келтіру бөлімінен (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қалпына келтіру дискілерінен жұмыс істейді.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру кезінде мына ақпаратты есіңізде сақтаңыз:

- Бұрын сақтық көшірме жасалған файлдарды ғана қалпына келтіре аласыз. HP компаниясы компьютеріңізді орнатқаннан кейін қалпына келтіру дискілерінің жиынын (бүкіл дискінің сақтық көшірмесін) жасау үшін HP Recovery Manager бағдарламасын пайдалануды ұсынады.
- Windows жүйесінде Жүйені қалпына келтіру сияқты жөндеу мүмкіндіктері бар. Егер бұл мүмкіндіктерді әлі сынап көрмесеңіз, Recovery Manager құралын пайдаланбас бұрын оларды сынап көріңіз.
- Recovery Manager құралы зауытта алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдарды ғана қалпына келтіреді. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы модельдерде)

Кейбір үлгілерде, қатты дискідегі бөлімнен қалпына келтіруді орындау үшін **Пуск** (Бастау) түймешігін немесе **f11** пернесін басыңыз. Бұл қалпына келтіру түрі арқылы компьютер қалпына келтіру дискілерін пайдаланбай оның зауыттық күйіне келтіріледі.

Компьютерді бөлімнен қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Recovery Manager бағдарламасын төмендегі жолдармен іске қосыңыз:
 - **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Recovery Manager** > **Recovery Manager** тармақтарын таңдаңыз.
– немесе –
 - Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабарламасы бейнеленгенде **esc** пернесін басыңыз. «F11 (HP Recovery)» (F11 (HP қалпына келтіруі)) хабары экранда көрсетілгенде **f11** пернесін басыңыз.
2. **Recovery Manager** терезесінде **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


Қалпына келтіру дискілерін пайдалану арқылы қалпына келтіру

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Бірінші қалпына келтіру дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне енгізіңіз, одан кейін компьютерде қайта бастаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау

Ағымдағы сақтық көшірменің жасалуын қатамасыз ету үшін компьютердегі файлдардың сақтық көшірмелерін жүйелі түрде жасап отыру қажет. Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады. Мына жағдайларда жүйенің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Жүйелі жоспарланған кесте бойынша

 **ЕСКЕРІМ:** Мәліметтердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасау үшін еске салғышты орнатыңыз.

- Компьютер жөнделмес немесе қалпына келтірілмес бұрын
- Жабдықты немесе бағдарламалық құралды қоспас немесе өзгертпес бұрын

Нұсқаулар:

- Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін Windows жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану арқылы жасаңыз және оларды оптикалық дискіге немесе сыртқы қатты дискіге жүйелі түрде көшіріңіз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану 48-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасында сақтаңыз да, бұл қалтаның сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасаңыз.
- Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында параметрлеріңіздің экран суретін жасау жолымен сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды сақтауы мүмкін.

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану


Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру құралы жеке файлдардың немесе бүкіл компьютер кескінінің сақтық көшірмелерін жасауға мүмкіндік береді.

Нұсқаулар:

- Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айналымы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Сақтық көшірме жасау үрдісін аяқтауға қажет уақыт беріңіз. Файлдар өлшемдеріне байланысты оған бір сағаттай уақыт алуы мүмкін.


Сақтық көшірме жасау үшін

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Архивация и восстановление** (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасалуын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша мәліметтерді Анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз.

Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану


Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі қатты дискінің суретін белгілі бір сәтте сақтауға және атын беруге мүмкіндік береді. Егер енгізілген өзгертулердің күшін болдырмауды қаласаңыз, осы нүктеге дейін қалпына келтіре аласыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Бұрынғы қалпына келтіру нүктелеріне қайтару бастапқы қалпына келтіру нүктесі соңғы рет жасалғаннан бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық пошта хабарламаларына әсер етпейді.

Сонымен қатар, файлдар мен параметрлерді жоғары деңгейде қорғау үшін бастапқы қалпына келтірудің қосымша нүктелерін жасай аласыз.

Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты

- Жабдықты немесе бағдарламалық құралдарды қоспас немесе толық түрде өзгертпес бұрын
- Мерзімді түрде, компьютер тиімді түрде жұмыс істеп отырған кезде

 **ЕСКЕРІМ:** Егер жүйені қалпына келтіру нүктесіне қайтарып, одан кейін шешіміңізді өзгертсеңіз, қалпына келтірудің күшін жоюға болады.

Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** параметрін таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын ашыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру

Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне (алдыңғы күні мен уақытта жасалған) компьютер тиімді түрде жұмыс істеген кезде қайтару үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Система (Жүйе)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ аумақта **Защита системы (Жүйені қорғау)** тапсырмасын таңдаңыз.
3. **Защита системы (Жүйені қорғау)** қойындысын ашыңыз.
4. **Восстановление системы (Жүйені қалпына келтіру)** түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.


8 Тұтынушыларды қолдау

- [Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу](#)
- [Жапсырмалар](#)

Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу


Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы* немесе Анықтама және қолдау бөлімдеріндегі ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына келесі телефондар арқылы хабарласуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>

 **ЕСКЕРІМ:** Бүкіл әлем бойынша қолдау алу үшін беттің сол жағындағы **Contact HP worldwide** (HP компаниясымен бүкіл әлем бойынша хабарласу) тармағын таңдаңыз немесе http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html торабына кіріңіз.

Бұл жерде сізде мынадай мүмкіндіктер болады:

- HP маманымен желіде тікелей тілдесу.


 **ЕСКЕРІМ:** Белгілі бір тілде техникалық қолдауға байланысты сөйлесу мүмкін болмаса, ағылшын тілін пайдалануға болады.

- HP тұтынушыларды қолдау орталығына электрондық хат жіберу.
- HP Тұтынушыларды қолдау орталығының ғаламдық телефон нөмірлерін табу.
- HP қызмет көрсету орталығының мекенжайын анықтау.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін:

- Сериялық нөмірінің жапсырмасы — маңызды ақпарат береді, оның ішінде:



Бөлік

(1)	Өнім атауы
(2)	Сериялық нөмірі (с/н)
(3)	Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n)
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі
(5)	Модель сипаттамасы

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Сериялық нөмірінің жапсырмасы компьютердің астында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі—Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Куәлік үстелге қоюға арналған компьютер қақпағының астында орналасады.
- Техникалық деректер жапсырмасы—компьютер туралы техникалық ақпаратты береді. Техникалық деректер жапсырмасы үстелге қоюға арналған компьютер қақпағының астында орналасады.
- Сымсыз байланыстың куәландыру жапсырмасы немесе жапсырмалары (тек таңдаулы үлгілерде) — қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпарат және құрылғылар қолданылатын кейбір елдер мен аймақтардың мақұлдау жапсырмаларын береді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәландыру белгісі компьютердің түбінде орналасады.
- SIM (абонентті анықтау модулі) жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — SIM картасының ICCID кодын (Кірістірілген байланыс картасының коды) береді. Бұл жапсырма батарея орнына жабыстырылған.
- HP мобильді кең жолақты модулінің сериялық нөмірі жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — HP ұялы кең жолақты модулінің сериялық нөмірін береді. Бұл жапсырма батарея орнына жабыстырылған.

9 Техникалық сипаттамасы

- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Жұмыс ортасы](#)


Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Компьютер айнымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Ауыспалы ток қуат көзі 100–240 В, 50–60 Гц болуы керек. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек HP компаниясы берген және осы компьютерге қолдану үшін ұсынған айнымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.

Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс кернеуі және тоғы	19,5 В (тұрақты ток), 2,05 А - 40 Вт

 **ЕСКЕРІМ:** Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

ЕСКЕРІМ: Компьютердің жұмыс істеу кернеуі мен тогының мәндерін үстелге қоюға арналған компьютер қақпағының астындағы жүйенің нормативтік жапсырмасынан қарауға болады.

Жұмыс ортасы

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
Температура		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	5 - 35°C	41 - 95°F
Пайдалануға болмайтын	-20°C пен 60°C арасында	-4°F пен 140°F арасында
Салыстырмалы ылғалдылық (конденсанцияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	10 - 90%	10 - 90%
Пайдалануға болмайтын	5 - 95%	5 - 95%
Ең жоғары биіктік (қысымсыз)		
Пайдалануға болатын	-15 м мен 3048 м арасында	-50 фут пен 10000 фут арасында
Жұмыссыз режимде	-15 м мен 12192 м арасында	-50 фут пен 40000 фут арасында

Индекс

А

амалдық жүйе
Microsoft түпнұсқалық туралы
куәлігінің жапсырмасы 50
Өнім кілті 50
Анықтама және қолдау әрекет
пернесі 27
аудио кіріс (микрофон) ұясы,
анықтау 10
аудио шығыс (құлаққап) ұясы,
анықтау 10

Ә

әрекет пернелері
Анықтама және қолдау
бөлімі 27
аудио ықшам дискі немесе
DVD дискісін басқару
элементтері 27
дыбысты реттеу 27
сымсыз байланыс 27
үндеткіш дыбысын өшіру 27
экран жарықтығын азайту 27
экран жарықтығын арттыру
27
экран кескінін ауыстырып
қосу 27
әрекет пернелері, анықтау 27
әрекеттер пернелері
анықтау 6

Б

бағдарламалар және
драйверлер, жаңарту 42
бағдарламаны немесе драйверді
қалпына келтіру 43
бастапқы қалпына келтіру
нүктелері 48
батарея, ауыстыру 34

батареяны құлыптау ысырмасы,
анықтау 12
батареяны шығару ысырмасы
12
батарея ұясы 12, 50
батарея шамы 10
бөліктер
алдыңғы жағы 7
астыңғы 12
дисплей 11
жоғарғы жағы 4
оң жақ 8
сол жақ 10
бүкіл жүйені қалпына келтіру
43

В

веб-камера, анықтау 11
веб-камера шамы, анықтау 11

Д

диск шамы 10
драйверлер және
бағдарламалар, жаңарту 42
дыбыс өшіру пернесі, анықтау
27
дыбысты өшіру шамы, анықтау
5

Ж

жад модулі
алу 39
орнына салу 39
салу 40
жапсырмалар
Bluetooth 50
HP ұялы кең жолақты
модулі 50
Microsoft түпнұсқалық туралы
куәлігі 50

SIM 50

WLAN 50

нормативтік 50
сериялық нөмір 50
сымсыз куәлік 50

желдеткіштер, анықтау 10
желі ұясы, анықтау 9
жұмыс ортасы 52
жүйені бастапқы қалпына
келтіруді пайдалану 48
жүйені бастапқы қалпына келтіру
нүктелері 43, 48
жүйені қалпына келтіру 44
жүйенің қатесі немесе
тұрақсыздығы 43
жылдам пернелер
сипаттама 26

И

Интернет байланысын
орнатқыш 24
Интернет провайдері,
пайдалану 23

К

компьютерге күтім 42
компьютерді сапарға алып
шығу 50
көрсетілетін кескін, ауыстырып
көрсету 27
кірістірілген веб-камера шамы,
анықтау 11

Қ

қалпына келтіру, жүйе 44
қалпына келтіру бөлімі 43
қалпына келтіруге бөлектелген
бөлімнен қалпына келтіру 45
қалпына келтіру дискілері 43

қалпына келтіру дискілерінен
қалпына келтіру 46
қатты диск
алу 38
орнату 38
қатты диск, ауыстыру 38
қауіпсіздік кабелінің ұясы 9
қолдау көрсетілетін дискілер 44
қосқыш, қуат 10
қуат қосқышы, анықтау 10
қуат шамы, анықтау 8
құлаққап (аудио шығыс) ұясы
10

М
медиа басқару құралдары,
пернелер 27
меңзегіш құрылғылар, таңдаулы
параметрлерді орнату 28
микрофон (аудио кіріс) ұясы,
анықтау 10

Н
нормативтік ақпарат
нормативтік ақпараты бар
жапсырма 50
сымсыз куәландыру
белгілері 50

Ө
өнім аты және нөмірі,
компьютер 50
Өнім кілті 50

П
пернелер
esc 6
fn 6
Windows қолданбалары 6
Windows логотипі 6
әрекет 6
пернетақтадағы жылдам
пернелер, анықтау 26
порттар
USB 8, 10
сыртқы монитор 10

С
сақтық көшірме жасау
жеке файлдар 46
өзгертілмелі терезе, құралдар
тақтасы және мәзір жолы
параметрлері 46

Сандық медиа ұясы, анықтау 8
Сенсорлы тақта
пайдалану 28
сенсорлы тақта
түймешік 4
сенсорлы тақта аймағы,
анықтау 4
Сенсорлы тақтаның бұру іс-
қимылы 32
Сенсорлы тақтаның жылжу іс-
қимылы 31
сенсорлы тақтаның түймешігі,
анықтау 4
сенсорлы тақтаның ұлғайту іс-
қимылы 31
сенсорлы тақтаның шымшу іс-
қимылы 31
Сенсорлы тақтаның іс-
қимылдары
бұру 32
жылжу 31
ұлғайту 31
шымшу 31
сериялық нөмір 50
сериялық нөмір, компьютер 50
сымсыз антенналар, анықтау
11
сымсыз байланыс пернесі,
анықтау 27
сымсыз байланыс шамы 5
сымсыз желі, жалғану 24
сымсыз желі (WLAN), қажет
жабдық 24
сымсыз жол жоспарлағыш,
параметрлерді реттеу 25
сымсыз куәландыру белгісі 50
сымсыз реттеу 24
сыртқы монитор порты,
анықтау 10

Т
температура
техникалық сипаттары 52
тұтынылатын қуат 51

Түпнұсқалық туралы куәліктің
жапсырмасы 50
тінтуір, сыртқы
таңдаулы параметрлерді
орнату 28

Ұ
ұялар
RJ-45 (желі) 9
аудио кіріс (микрофон) 10
аудио шығыс (құлаққап) 10
Сандық медиа 8

Ү
үндеткіштер, анықтау 7
үстелге қоюға арналған қақпақ,
ауыстыру 36

Ш
шамдар
caps lock 5
Айнымалы ток/батарея
шамы 10
веб-камера 11
диск 10
дыбысты өшіру 5
қуат 8
сымсыз байланыс 5

Ы
ысырма, батареяны шығару 12

І
ішкі микрофон, анықтау 11

Э
экран кескіні, ауыстырып қосу
27

В
Bluetooth жапсырмасы 50

С
caps lock шамы, анықтау 5

Е
esc пернесі, анықтау 6

Ғ
f11 45
fn пернесі, анықтау 6, 26

M

Microsoft түпнұсқалық туралы
куәлігінің жапсырмасы 50

Q

QuickWeb

Windows жүйесін іске қосу
20

ажырату 21

басқару белгішелері 16

Бастау тақтасының
белгішелері 16

ескерту белгішелері 17

желі параметрлерін реттеу
19

қосу 15, 21

Негізгі экран 15

параметрлерді орнату 14

QuickWeb бағдарламалық
құралы 13

R

Recovery Manager 43, 44

RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 9

S

SIM карта ұясы, анықтау 12

U

USB порттары, анықтау 8

USB порты, анықтау 10

W

Windows қолданбалар пернесі,
анықтау 6

Windows логотипті перне,
анықтау 6

WLAN

қорғау 25

қосылу 24

WLAN антенналары, анықтау
11

WLAN жапсырмасы 50

WLAN жүйесін орнату 24

WLAN құрылғысы 50

WWAN антенналары, анықтау
11

